

Е.Б. Сұлтан , С.Ш. Айтұғанова* 

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: sultan_esbol@mail.ru, s-aituganova@mail.ru)*

Мифтік символдардың көркем мәтіннің танымдық қабатын қалыптастырудағы рөлі

Аңдатпа. Мақалада көркем мәтінде қолданыс табатын символдардың мифтік белгілеріне зер салынып, олардың көркем мәтіннің танымдық қабатын қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Көркем мәтін формалық және мазмұндық бөліктерден тұратыны белгілі. Мазмұндық бөлік белгілі бір танымдық қабаттарды қалыптастырады. Оқырман көркем мәтінді оқу барысында ақпараттарға қанығып қана қоймайды, қандай да бір танымдық үдеріске жалғанады. Сондықтан көркем мәтінді семиотикалық жүйе деп түсіну мәтін астарындағы танымдық ақпараттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай танымдық қабатты қалыптастыруда семиотикалық белгілердің, соның ішінде символдық бейнелеулердің алатын орны ерекше. Сондықтан зерттеу жұмысында көркем мәтін құрамында кездесетін мифтік санамен астасып, автор танымымен жалғасқан мифологиялық символдау құбылыстарына зер салынады. Нақтылы көркем әдебиет мәтіндерінен мысалдар келтіріп, зерттеу мақсатына орай сәйкестендірілді.

Зерттеудің мақсаты – көркем мәтіннің танымдық қабатын қалыптастырудағы мифтік символдардың рөлін саралау. Ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық мифтік ойлау мен мифтік сана деңгейі ұлт қаламгерлерінің көркем ойлау, сөйлеу жүйесіне еніп, көркем мәтіндерден көрініс беріп отырады. Сол себепті көркем мәтін астарындағы, танымдық қабатындағы мифтік символдардың семиотикалық жүйені құруға әсеріне назар салу – мәтінді толық түсінуге, оқырман қабылдауына қалай әсер ететіне талдау жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында теориялық жинақтау, саралау, салыстыру әдістерімен семиотикалық, символдық, концептілік, семантикалық талдау әдістері қолданылады. Көркем мәтін құрамындағы мифологиялық кодтарды шешу үшін семиотикалық талдау әдісі көп нәтиже береді. Зерттеу нәтижесінде көркем мәтіннің танымдық қабатын қалыптастырудағы мифтік символдардың маңызы айқындалып, мифтік символиканың көркем мәтіннің мазмұндық бөлігіне әсері айқындалады.

Түйін сөздер: мифтік символ, семиотика, танымдық қабат, көркем мәтін теориясы, символика, мифтік сана.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-228-237>

Түсті: 26.04.2024; Жөнделді: 13.05.2024; Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Миф – әдебиеттегі, мәдениеттегі маңызды категориялардың бірі. Миф адамның дүние, әлем, жаратылыс, болмыс туралы ойларынан туындап, ғасырлар бойы дамып, кемелденіп, санаға сіңіп кетеді. Соның нәтижесінде мифтік таным, мифтік сана қалыптасады. Мифтік сана мәдени кодты қалыптастыруға ықпал етуші болып саналады. Өйткені мифологиялық

* хат-хабар үшін автор

ойлау халықтың өмір сүру формаларын қалыптастыруға әсер ете отырып, санадағы мифтік эпизодтар арқылы халықтық дүниетанымды айшықтауға мүмкіндік береді. А. Лосевтің көрсетуі бойынша миф – ойдан шығарылған дүние емес, нақтылы мағыналы шындық [1, 8]. Ал фольклортанушы С. Қасқабасов мифке қатысты былайша пікір білдіреді: «Миф деп отырғанамыз – әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті типологиялық сипаты соған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстары мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар» [2, 72]. Демек миф – адамның, дүниенің жаратылысы туралы сан ғасырлық ойлардың жемісі. Сол себепті адамзат сана деңгейінде мифтік эпизодтарға әрдайым кезігіп отырады. Мифтік ойлау халықтың әлем картасын жасауына да ықпал етеді. Себебі мифтік танымдағы ақпараттар сол халық үшін маңызды дүниелердің нәтижесінде қалыптасады. Мифтік сана әр халық өкілінің танымдық үдерісінде болғанымен, мифологиялық ойлаудың кемелденген, көркемделген бейнесін өнер туындыларынан байқауға болады. Өйткені миф мәдениетпен, мәдениет жасаушысымен тікелей байланысты. Олардың ішінде сөз өнеріндегі мифологиялық ойлау нәтижесінде қалыптасқан мифтік символикалар анық, айшық түрде сипатталады. Мұнда қаламгердің білімі, таным үдерісі, сөз шеберлігі, бейне мен сөзді сәйкестендіре алу тапқырлығы және мифтік символ астарына көмкерген ақпаратты жасыру формасы есепке алынады. Кез келген ақын не жазушы – қандай да бір белгілі мифтік сананың өкілі.

Миф уақыт өте келе мифологиялық ойлау жүйесімен астасып, символдық, семиотикалық мәнге ие болады. Біз мифологиялық элементтерді белгілі бір мәнмәтіннің мазмұнында қарайтын болсақ, ондағы семиотикалық белгіні анық байқай аламыз. Өйткені мифтік таным мәнмәтін құрамында келіп, меңзеу, анықтау, бейнелеу арқылы символ дәрежесіне көтеріледі. Символ дегеніміз – қазақша бір сөзбен айтқанда, бейнелеп сөйлеу. Айтайын дегенін ашып айтпай астарлап, басқа бір нәрсенің бейнесімен суреттеу [3, 143]. Бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту бернелеу болады [4, 30]. Семиотикалық түсініктің туындауына, әсіресе символдың жасалуында алғашқы орынға конвенциалды сипат есепке алынады. Яғни шынайы болмыс пен оның абстарктілі мағынасының арасындағы шартты байланыс [5, 49]. Яғни символ өзі белгілеп отырған ұғым не заттың шынайы болмыстағы сипатынан алшақтап кетпейді, қайта адамға таныс белгісін жасыру арқылы көркемдік бейне түзеді.

Мифология мен символдың байланысы турасында Ж. Мұсалы: «Мифология – ежелгі ойлаудың жемісі ғана емес, көркем мәтінге символ ретінде енетін көркем ойлаудың ерекше жүйесі. Символдар – көркемдік танымның мәнді де мазмұнды, бағалы нәтижесі болуымен қатар, белгілі бір дәрежеде оның дамуы мен өзгеруінің индикаторы болып табылады. Себебі ол қалыптағы көркемдік құралдар шеңберінен асып, таным формасына, өміртану моделіне, әлемді символикалық жолмен тану-игеру жолына айналады» деген пікір білдіреді [6, 10]. Демек көркем мәтіндегі символ қарапайым көркемдік құрал ғана емес, ол адамның, тұтас халықтың ойлау жүйесіне, танымына қатысты ұғым болып саналады. Бұдан көркем мәтіндегі ақпараттарды кодтауда жоғары мазмұндық мағынаға ие болатыны мифтік символ екендігін анық байқауға болады. «Мифтің ең қажетті әрі басты атрибуты – символ. Дәл осы миф арқылы символ жарыққа шығып, өзін танытты», - дейді Ж. Аймұхамбетова [7, 9]. Мифтік символ жекелеген қаламгерлердің сөз қолданысында, сюжеттік бейнелеулерінде, эпизодтық көріністерінде қолданыс таба отырып, көркем мәтіннің танымдық қабатын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Көркем мәтіннің басты ерекшелігінің бірі – оның күрделі көпөлшемділігі, құрылымның көп қабатты болуы. Әдебиет зерттеушілері көркем мәтінді ішкі (терең, мазмұндық қабат) және сыртқы қабаттарға бөледі. Ішкі форма мазмұндық бөлікті білдірсе, сыртқы форма мәтінді жасаушы тілдік материалдарды қамтиды. Бұл жерде сыртқы форма – тікелей қабылданып ұғынылатын тілдік құралдардың жиынтығы мен автордың түпкі ойын жүзеге асыратын олардың мазмұндық жағы болса, ал ұғынылатын нәрсе оның

ішкі формасын құрайды. Ішкі форма – берілген барлық құралдардың жиынтығымен тұтастай сәйкес келетін адамның ақыл ойында жүзеге асатын ойлаудың түзілісі [8, 10]. Сыртқы қабат – бұл вербальды қабат, мазмұн қалыптасуының лингвистикалық түрі. Бұл қабат өз кезегінде фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік қабаттарға бөлінеді. Мәтіннің терең қабаты – бұл автордың прагматикалық ниеттерін қамтитын тұжырымдамалық ақпараты. Терең қабат автордың дүниетанымын, әлемнің жеке бейнесі туралы эстетикалық көзқарастары мен моральдық құндылықтарын көрсетеді. Когнитивті тәсіл тілдік заңдылықтар мен психикалық құрылымдар арасындағы байланыстарға, мәтіндік ақпаратты тұжырымдау және санаттау үдерісіне бағытталған [9, 193]. Демек көркем мәтіннің ішкі формасы, яғни мазмұндық бөлігі танымдық қабатты қалыптастырады. Көркем мәтіннің танымдық қабатын қалыптастыруда біз қарастырып отырған мифтік символдың атқаратын ролі жоғары. Себебі мифтік ойлаудан туындайтын символдық мағына көркем мәтіннің мазмұндық қабатына еніп, танымдық ақпараттарды түзеді. Демек оқырман көркем мәтінді оқу барысында жаңа кейіпкерлер жүйесімен, сюжеттік құрылымдармен танысып қана қоймайды, символдық бейнелеулер арқылы белгілі бір танымдық деңгейдегі үдеріске енеді. Әдебиетте ойды ымдау, түспалдау, ишара, меңзеу арқылы астарлы түрде білдіру әбден сыйымды [6, 12]. Ал осы көркем мәтіндегі түспалдау, меңзеу амалдары символ арқылы жүзеге асады. Сонда символдық мағына сілтемелік қызмет атқара отырып, көркем мәтіннің көпқабатты деңгейінде танымдық үдерісті қалыптастырады.

Әдіснама. Мақаламыздың зерттеу материалы ретінде Д. Рамазанның «Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесі алынды. Таңдалған көркем мәтіндердегі мифтік белгілерді анықтау және санаттау үшін ғылыми жүйелілік тәсілі қолданылды. Бұған мифология, әдебиет және когнитивтік ғылымдар саласындағы жүргізілген терең әдеби талдаулар жатады. Мифтік белгілердің көркем мәтіннің танымдық қабатына әсерін бағалау үшін пәнаралық әдістер: семиотикалық талдау әдістері, семантикалық талдау әдістері, когнитивті талдау әдістері қолданылды. Когнитивті лингвистика, когнитивті әдебиеттану және нейрокогнитивті зерттеу әдістері оқырмандардың мифтік белгілерді қалай қабылдайтынын және түсіндіретінін талдау үшін пайдаланылады. Семиотикалық әдіс көркем мәтіндердегі автор тарапынан жасырылған кодтарды анықтау, айшықтау үшін қолданылса, семантикалық зерттеу әдісі көркем мәтіннің танымдық қабатының мәні мен мазмұнын түсіндіру үшін таңдап алынды.

Нәтижелер мен талқылау

Көркем мәтіннің танымдық қабаты дегеніміз – оқырманның ой-өрісін кеңейтуге, ойлануына бағытталған ақпаратты, білімді, идеяларды, философиялық ұғымдарды қамтитын терең мазмұндық қабат. Көркем әдебиетте танымдық қабат авторлық көзқарастарды ұсыну, әлеуметтік мәселелер, өмірлік құндылықтар мен тарихи оқиғаларды бернелеу, рәміздер мен белгілерді, символдарды, метафораларды қолдану арқылы көріне алады. Танымдық қабат шығарманың тақырыбы мен мақсаттарына сай ақпараттарды қамтиды. Сонымен қатар көркем мәтіннің танымдық қабаты арқылы автор әлемге деген көзқарасын жеткізе алады. Көркем мәтіннің танымдық қабаты әдебиеттанудағы жаңа зерттеу бағыты саналатын «когнитивтік әдебиеттану» саласының нысанына айналған. Өйткені «таным» сөзінің өзі «когниция» ұғымын білдіретіндіктен, танымдық қабат дегеніміздің өзі «когнитивтік қабатты» айқындайды. Когнитивті әдебиеттану М. Тернер есімімен тікелей байланысты. М. Тернер когнитивті әдебиеттану туралы: «Бұл әдебиеттің жаңа теориясының әдепкі нұсқасы емес, оның алдыңғы нұсқаларын алмастыруға арналған, көптеген мүмкін теориялардың бастапқы негізі» деген пікір білдіреді [10, 17]. Бұл пікірді орынды деп есептейміз. Өйткені көркем мәтін мазмұны, оның ішкі формасы, мазмұндық сипаты, сыртқы формалар арқылы ішкі семантикалық кеңістіктің берілуі сынды мәселелер әдебиеттанудың бұрыннан негізгі зерттеу нысаны саналады. Әдебиеттанудың әр түрлі бағыттарында аталған мәселелер түрліше сипатта қарастырылып, зерттеліп келді. Ал

когнитивтік әдебиеттануда көркем мәтіннің танымдық қабаты мәселесі өзінің толыққанды сипатын айқындай алады. Яғни когнитивтік әдебиеттану – көркем мәтіннің ақпараттық, танымдық, мазмұндық бөлігін зерттейтін, автор танымымен, оқырман қабылдауымен астасқан ғылыми бағыт.

Қазақ мифологиясын зерттеуші-ғалым С.Қондыбай: «Біз мынау жалған дүниені тек символдар арқылы ғана кескіндей аламыз, өйткені, шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де, оның қандай материалдан және қандай жолмен пайда болғанында, Жаратушы иенің оның қалай жасағанын да шын мәнінде көре, біле, тани алмайсыз. Сондықтан осылардың барлығында пенделерге түсіндірудің ең қарапайым да универсал жолы символ арқылы кескіндеу болмақ. Мифология дегеніміз де – символдар жүйесі» деген пікір келтіреді [11, 34]. Демек көркем мәтінде қолданыс табатын символдар жүйесі халықтық мифологиямен байланысты. Өйткені көркем мәтін қай ұлттың тілінде жазылса, автор сол ұлтқа таныс, менталды кеңістігінде қалыптасқан ақпараттар негізінде ғана символ түзеді. Қазақтың мифтік ойлау жүйесі – жалпы мифологиялық ойлаудың бір бөлшегі. Сондықтан мифтік кейіпкерлер мен мифологиялық ойлау барша адамзатқа ортақ. Алайда бір халықта символдық дәрежеге жеткен мифтік ұғымдар екінші бір халықтың танымында басқаша реңкте көрінуі мүмкін. Мысалы, «жылан» тотемдік символын алайық. Көптеген батыс мифтері, аңыздары, ертегілерінде жылан адамзат баласына тек зиян келтіруші, қастық ойлаушы бейне ретінде танылса, Азия халықтарының арасында кие мен құт-берекенің символы ретінде алынып, жағымды тотемдік образ сипатында көрінеді [8, 83]. Демек «жылан» мифтік символы қазақ халқы үшін жақсылық нышаны ретінде сипатталады. Енді «жылан» символының көркем әдебиеттегі қолданысы мен оның танымдық қабатын қалыптастырудағы рөліне назар салып көрейік. Қазіргі қазақ прозасын түзушілер қатарындағы Д. Рамазанның «Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесіне зер салайық. Әңгіме тақырыбының өзінде символдық мән жасырынған. «Ақсақал» және «ақ жылан» эпитеттік қолданысындағы атауда автор «ақ» анықтау мәніндегі сөзін қайталай қолдана отырып, әңгіменің жақсылыққа, ізгілікке толы екендігіне меңзейді. Қазақтың мифтік ойлау жүйесінде құт-берекенің және жақсылықтың жаршысы ретінде «ақ жылан» көрініс табады. Тақырыпты мифологеманың қатысуымен семиотикалық код ретінде ұсына отырып, автор шығарма басталмай-ақ оқырманға ой салуды көздейді. Көркем мәтіннің танымдық қабаты мәтіннің тұтас мазмұнынан да, жекелеген детальдардан да көріне алады. Автор тақырыпты символдап, «ақсақал» және «ақ жылан» қолданыстары арқылы ассоциациялық, концептілік мағынаны тудыра отырып, халық танымымен астасқан, танымдық көркем мәтінге жымдасқан детальді атаулар тудырған. Енді көркем мәтіннің танымдық қабатының қалыптасуына қызмет етіп тұрған ішкі формаға, мазмұнға талдау жасайық.

– Қорықпа, бұл жылан ылғи осы жерде жүреді, ешкімге зияны жоқ. **Көрінетін адамдарға ғана көрінеді.** Ниеті бұзық, пигылы жаман адамдарға көрінбейді. Ел бұны «осы үңгірді қарауылдап жүретін иесі» дейді. Мен бірдеңе білсем, бұл, шынында да, тегін жылан емес. Әманда жолың болады екен! Жаман болмассың! (Д. Рамазан). Мұндағы мәтін үзіндісінде халықтың мифтік ойлау жүйесіндегі «жыланның киелі екендігі», «жыланның жаман адамдарға көрінбейтіндігі», «жылан көрген адамның өмірі ақ болатындығы», т.б. сынды танымдық ақпараттар тізбегі сипатталған. «Жылан – Нұрдың, оның эманациясы болған Ілкі Төрдің, одан кейінгі төретаптардың «жануарлық» символдарының бірі. Жылан – даналықтың, тылсым танымның символы, тұлғалануы, мұндай түсінік барлық дерлік мифтік дәстүрлер мен діндердің астарынан көрініп тұрады. Жылан адамның қандай түс көргенін, ол түстерінің нені білдіретіндігін айтып, жорып береді», – дейді С. Қондыбай [11, 300]. Автор кейіпкер сөзінде-ақ көркем мәтіннің тұтас танымдық сипатын ашып көрсетеді. Көркем мәтіннің танымдық кеңістігі мәтін мазмұнындағы семантикалар мен семиотикалық белгілерден анық көріне отырып, оқырман қабылдауындағы сипаты тұрғысынан қарастырылатындықтан, мәтіндегі сөз қолданыстарына ерекше назар аудару қажет. Символдың астары қашан да семантикалық және семиотикалық мән-мағынаның бірлігінен келіп туындайды. Семиотикалық тұрғыда символ белгіленуші мен белгілеушінің кездесер тұсы, солар арқылы

белгіленген образ болып шығатыны белгілі. Символдың семантикалық құрылымына үңілгенде, оның мазмұны ашылады, ал семиотикалық қырын танығанда, символдың пішіндік құрылымын анықтауға болады [6, 135]. Бұл дегеніміз символдың семиотикалық және семантикалық қырлары, көркем мәтіннің ішкі және сыртқы формаларын құрайды дегенді білдіреді. Ал ішкі форма мен сыртқы форманың бірлігі көркем мәтіннің танымдық қабатының түзілуін қамтамасыз етеді. Кез келген символ астарында семиотикасы мен семантикасы қатар жүреді. Себебі символ қандай да бір затты не құбылысты кодтау барысында семиотикалық мәнге ие болады, ал сол заттың не құбылыстың мазмұны символдың семантикасын қалыптастырады. Символдың семантикасы тікелей көркем мәтіннің танымдық қабатын түзіп отырады. Символ табиғаты туралы Ж. Мұсалы: «Ол да таңба сияқты қандай да бір затты не құбылысты көрсетеді, жол сілтейді, бірақ ол көрсетіп қана қоймай, сол заттың жалпы құрылымын, символданушының мәнін қоса дәлелдей алады, әрі астарындағы мағыналардың шексіз көптігін де меңзейді» деп ой қорытады [6, 136]. Бұл пікірден туындайтыны, жекелеген бір сөз не сөз тіркесі символдық мәнде жұмсала отырып, мағынасы терең түрлі ассоциациялар тудыратындығында. Сонда «Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесінде қолданылған «ақ жылан» символы «даналықтың», «жақсылықтың», «данышпандықтың», «берекенің», «ақ жолдың», «игіліктің», т.б. нышаны ретінде көрініп, «ақ жыланға» қатысты осыған дейінгі халық санасында қазықталған ақпараттардың ағынын сақтаушы, танымдық үдеріске әсер етуші «код» қызметін атқарып тұр.

Когнитивтік әдебиеттану аясында талдауға алынатын символдар ассоциациялар мен схемалар, түрлі фреймдер мен концептілер туындатуға қатысады. Аталған ұғымдардың барлығы танымдық сипат алып, оқырман когнициясына бағытталған ақпараттар ағынын түзеді. Кез келген көркем мәтін белгілі бір тақырыптағы, белгілі бір бағыттағы ақпараттардың жиынтығын құрайды. Автор көркем мәтінді түзу барысында оқырманға әсер ету, ой тастау, жаңа ақпаратпен таныстыру сынды әрекеттерді өзіне жүктеп алады. Сондықтан автор тарапынан семиотикалық белгіге айналып, символдық мәнге ие болған ұғымдар астарлы, сілтемелі мазмұндағы ақпараттарды оқырманға жеткізе отырып, көркем мәтіннің танымдық мәнін арттыруға қызмет етеді. Белгілі бір дәрежеде кез келген көркем мәтінді семиотикалық жүйе, танымдық ақпараттар жиыны деп қарастыруға болады. Бірақ автор тарапынан жасырын, астарлы түрде, символдау, кодтау арқылы берілген ақпараттарының сипатына қарай семиотикалық белгінің айқындылық күші, дәрежесі түрлі санатта болады. Сол себепті көркем мәтіннің танымдық қабатын автор өз позициясы тұрғысынан имплицитті не эксплицитті сипатта жеткізуіне байланысты, көркем мәтіндегі ақпараттардың символденуінің түрлі дәрежедегі үдерісі жүреді. Егер көркем мәтін авторы мәтін түзу барысында семиотикалық белгілерге жиі жүгініп, мәтіннің танымдық қабатын қалыптастыруда символдеуді жиі пайдаланса, көркем мәтіндегі ақпараттардың кодталу деңгейі де соғұрлым жоғары болады. Кез келген көркем мәтінде танымдық қабат болады. Бұл жағдайда символдеу үдерісінде оның автор тарапынан оқырманға қалайша жеткізілгендігі маңызды. Егер автор танымдық ақпараттарды ашық түрде жеткізетін болса, танымдық қабат эксплицитті сипат алады. Ал егер автор көркем мәтінде символдау, кодтау әрекеттерін көбірек қолданатын болса, көркем мәтіннің танымдық қабаты имплицитті сипатта дамып, оның танымдық қабатын айқындау оқырманның интеллектуалды, концептуалды жүйесіне байланысты болады.

Мақтағанға маз болып, марқайып қалдым. Бойым да жеңілдеп сала берді. Бір кезде, шынында да, алдымыздан жалтырап су көрінді. Жақындап келгенде көрдім, мөп-мөлдір, тұп-тұнғық. Тұп жағындағы тиын-тебендерге шейін анық көрініп жатыр.

– Бұл – ерекше **қасиеті бар су**. Ішсең бойға шипа, дертке дауа болады. Қанғаныңша ішіп, «бісімілләні» айтып, беті-қолыңды жуып ал! (Д. Рамазан).

«Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесінен келтірілген бұл үзіндіден «су» мифтік символын көреміз. «Су» культі жаратылыс туралы аңыз-әңгімелердің, мифтік ойлаудың негізіне айналған. Өйткені су, от, жер, ағаш, ай сынды табиғатқа қатысты ұғымдар халықтың ежелгі ойлау жүйесімен астасып келіп, жаратылыс туралы мифтік санаға ұласқан [12,

3]. Табиғат күштеріне бағыну, табыну мотиві барша халыққа ортақ. Соның ішінде түркі халықтары үшін де от пен су, аспан мен жер құдіретті күш болып саналып, наным-сенімнің өзегін құрайды. Шөл далада жүріп суға кезігу, күтпеген жерден қасиетті суға тап болу, құрғақшылықта өлім сағаты жақындағанда ғайыптан судың пайда болуы сынды эпизодтар қазақтың мифтік, ертегілік шығармаларында көп ұшырасады. Діни мифологиядағы «Зәм-зәм» суының пайда болуы да осымен байланысты. «Әпсана желісі бойынша Мұса пайғамбардың аса таяғы тиген жерден бұлақтың көзі ашылған. Ысмайыл пайғамбардың Ажар (Хажар) ана құшағындағы сәби кезінде өкшесі тиген жерден бұлақтың көзі пайда болған. Мәруа мен Сафаның аралығында қалған ана мен бала сол бұлақтан су ішіп тірі қалған. Бұлақ Зәмзәм деп аталады. Бұл бұлақтың суы сүттен ақ, балдан тәтті, жұмсақ, егер кімде-кім бір жұтым су ішсе, қияметке дейін өлмейді деген сенім бар» [13, 7]. Халық арасында Александр Македонский туралы тараған аңыз-әңгімелер желісінде жазылған Абайдың «Ескендір» поэмасында да бұл эпизод кездеседі: «Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге, Патшаның ат үстінде көзі түсті. Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ, Таспадай бейне арықтан шыққан құлап. Түсе сала Ескендір басты қойды, Ішсе, суы өзгеше, тәтті тым-ақ» (Абай). Демек халықтық, діни, мифтік сипаттағы судың қиналған жанға шипа беруі, қасиет дарыған судан ішуге жер-жерден ағылып адамдардың келуі, шөлдеген жанның құмарын қандырып, өмірін сақтап қалуда да судың маңызы сынды ілкі мәтіндердегі ақпараттар көркем мәтінде мифтік символ арқылы кодталып тұр.

Халықтың танымдық ойлау жүйесіндегі «суға», «судың қасиетіне» байланысты осындай мифтік эпизодтар Д. Рамазанның әңгімесіне де арқау болған. Мұндағы көркем мәтіннің танымдық қабаты интермәтінділік құбылысымен байланысып тұрғандығын байқауға болады. Өйткені автор мифтік ойлау жүйесінде, діни мифологияда ұшырасатын эпизодтарды көркем мәтінге арқау етіп, ілкі мәтінге сілтеме жасай отырып, интермәтінділікке жүгінеді. Ал интермәтінділік сол көркем мәтіннің астарындағы танымдық қабаты толық түсініп, түйсінуге мүмкіндік береді. Себебі оқырманның көркем мәтінді оқығанға дейінгі танымындағы ақпараттар мәтіннің астарын түсінуге жағдай жасайды. Сол себепті көркем мәтінде интермәтінділік құбылысын тудыратын символдық сипаттағы семиотикалық белгілер мәтіннің танымдық қабатын түзде, танымдық қабатының айқындылық дәрежесінің жоғары болуында маңызды рөл атқарады. Интермәтінділік кезінде автор алдындағы мәтіндерді қолдана отырып, өз позициясын айқын танытуға ұмтылады. Себебі алдыңғы мәтін оқырманға таныс, белгілі болады да, оқырман санасындағы қазықталған ұғым-түсініктерге ықпал етуге мүмкіндік туады. Оны қайта түсіндіріп жатпайды, тек соған қатысты пікірін, көзқарасын таныта отырып, ойды ары қарай өрбітеді. Интермәтінділіктің көркем мәтіннің танымдық қабатын қалыптастырудағы қызметі:

- 1) мәтіннің мәтіндегі көрінісін жүзеге асыратын тілдік формалар;
- 2) интермәтіннің семантикалық қызметі;
- 3) интермәтіннің мәтінтүзушілік қызметі;
- 4) мәтінді кодтау және декодтау процестеріндегі мәтіннің код ретіндегі қызметі [14, 28].

Сонда мифтік символдар көркем мәтіннің танымдық қабатын түзе отырып, интермәтінділік құбылысының шегіне өтеді. Біз интермәтінділіктің кодтау, декодтау, мәтінтүзушілік, семантикалық қызметтерін толық түсіну арқылы мәтіннің танымдық қабаты туралы да мазмұнды ақпарат ала аламыз. Сол себепті көркем мәтіннің танымдық қабаты туралы сөз қозғағанда интермәтінділікке жүгінбеуіміз мүмкін емес.

«Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесінде қолданылған тағы бір символдық белгі – «түс көру», «аян беру». Автор халықтың мифологиялық ойлау жүйесіне жүгіне отырып, «түсте ақсақалдың бата беруі» сынды детальді оқиға шешіміне айналдырады. Бұл тұстағы автордың ұтымдылығы халықтың мифтік санасындағы, аңыздық, ертегілік фольклордағы «түс көруге» қатысты эпизодтарды мәтін мазмұны мен танымдық қабатына сәйкес қолдануында. Осы үзіндіге назар аударайық:

– Түс көріп жатыр екенмін!

– Қандай түс? – Бізді күтіп жүрсе керек, қалбақтап әжем де жетіп келді.

– *Шашы да, сақалы да, жүзі де, киімі де атпақ бір шал басымнан сипап, бірдеңе айтып жатыр екен!..*

– *Астапыралла!.. Астапыралла!.. – Әжемнің көзі шарасынан шыға бадырайып кетті, – Әй, өзің, баланы ауырттып әкелгеннен саумысың!*

– *Қойшы-ей, қайдағыны айтпай, аталары зой баталарын беріп жатқан. Жолы ақ, болашағы зор болады екен! Өзі де ақжолтай бала зой! (Д. Рамазан).*

Мұндағы баланың түсіне ақ сақалды, ақ киімді қарияның енуі жақсылықтың нышанын айқындайды. Бұл тұста да автор «ақсақалды» символ ретінде ала отырып, мәтін кейіпкерінің өмір жолының ашық болатындығына меңзейді. Халықтық «түс жоруда» да түсінде ақсақалды көру және одан бата алу әрекеттері түбі бір жақсылықтың боларына болжанады. Түсінде бата алған бала «болашақта елге пайдасы тиер, берекелі, қолы ашық, өмір жолы айқын адамға айналады» деген сенім бар. Автор жоғарыдағы үзіндіде халықтың танымындағы осы ақпаратты ашық, айқын жеткізеді. Қазақтың дәстүрлі танымында әруаққа сену, ата-баба әруағының ұрпағын қолдауы сынды құбылыстарға да сенімнің бары айқын. «Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесіне де осы наным-сенім арқау болғандығын аңғару қиын емес. Бұл тұста «ақсақал», «түс көру» ұғымдары символдық мәнге ие болып, көркем мәтінді ілкі мәтіндермен байланыстыра отырып, мәтіннің танымдық қабатының мәнін толықтыра түседі. Сонымен, Д. Рамазанның «Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесінде «жыланның қасиеті», «судың құдіреті», «түс көру», «түсіне ақсақалдың енуі, бата беру» сынды қазақ халқының мифологиялық танымымен астасқан символдар қолданыс тапқан. Автор мұндай мифтік символдарды қолдану арқылы халық танымындағы оған дейінгі ақпараттар шоғырын жандандырып, көркем мәтіннің танымдық қабатын халықтық санадағы әлемнің мифологиялық картасы негізінде ұсынуды жөн көрген. Бұл – ұтымды әдіс. Сонда көркем шығарманың басынан аяғына дейінгі аралықта қолданылған символдардың барлығы мәтіндегі тұтас ойды беру үшін, мәтіннің танымдық қабатын қалыптастыру үшін жұмсалған. Ал көркем мәтіндегі тұтас таным немесе ой: «Шығарма кейіпкерінің жолы ашық болады. Еліне пайдасы тиер азамат, елге сыйлы, танымал тұлғаға айналады» дегенді білдерді. Автор тылсым күштердің, халықтың мифтік санасы мен наным-сенімімен байланысты ұғымдар мен құбылыстардың адам өміріндегі орнын символдау арқылы жеткізеді. Осы тұста Р. Барттың мына пікірі ойымызды нақтылай түседі: «Символдық сана көркем бейненің тереңдігін білдіреді. Форма мен мазмұн арасында байланыс уақыт өткен сайын жаңарып, жаңғырып отырады» [15, 251]. Демек символдық санаға айналатын мифологиялық элементтер белгіленушінің семантикалық астарының тереңдігін білдіріп, уақыт өте келе жаңа сипат алып, мазмұндық тереңдігі арта түсуі мүмкін. «Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесінде де халықтың санасында тұрақталып қалған ақпараттар мен бейнелер символдық мәнге ие болып, көркем мәтінге семиотикалық белгі ретінде тұрақталған. Автор тарапынан кодталған, символдар арқылы берілген ақпараттар оқырманның таным үдерісіне әсер етіп, ілкі мәтіндер мен халық санасында жасырынған ақпараттарды қайта қарауға, мәтінді толық түсінуі үшін ұлт танымымен әрекеттесуге жағдай жасайды.

Қорытынды

Символтабиғатын тану, символдың көркем мәтіндегі қызметінің айналысында мифологиямен тікелей байланысты. Соңдықтан көркем мәтінде қолданылған мифтік санамен байланысты ақпараттар символдық мән арқалайды. Миф жаратылыс туралы ойлардан туындаған білімдердің жиынтығы болса, оның санаға еніп, көркем мәтін авторының бейнелеуінен орын алуы семиотикалық белгісін көрсетеді. Сонымен, Д. Рамазанның «Ақсақал мен ақ жылан» әңгімесін семиотикалық, символдық, семантикалық, когнитивті бағытта талдау арқылы келесідей тұжырымдарға қол жеткіздік:

- көркем мәтіннің танымдық қабатын қалыптастыруда мифтік символдар маңызды рөл атқарады;

- көркем мәтіннің танымдық қабаты ішкі форманы айқындай отырып, интермәтінділік құбылысымен байланысады;

- когнитивті әдебиеттану саласы адам когнициясындағы ақпараттардың көркем мәтін арқылы қалыптасуы, қабылдануы, интерпретациялануын зерттейді. Көркем мәтіндегі мифтік семиотиканың когнитивті әдебиеттану тұрғысынан зерттелуі мәтіннің танымдық қабатын айқындауға мүмкіндік береді;

- «Жылан», «су», «ақсақал», «түс көру», «түсте ақсақалдың бата беруі» сынды мифтік таныммен астасқан символдық мәндегі қолданыстар көркем мәтіндегі жағымды, жақсылықты айқындайтын нышан ретінде көрініс тапқан. Аталған семиотикалық белгілер көркем шығарманың танымдық қабатына еніп, ілкі мәтіндермен байланыс жасап, оқырманның менталды жүйесіне әсер етеді;

- көркем мәтіндегі мифтік символдар ғаламның тілдік картасын қалыптастыруға қатысады;

- көркем мәтін авторлары өз шығармаларында мифтік символдарды кодтау әдісі арқылы қолданып, көркем бейне тереңдігін қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Лосев А. Проблема символа и реалистическое искусство. – Москва: Искусство, 1976. – 367 с.
2. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қазақтың көркем әдебиет мемлекеттік баспасы, 1960. – 363 б.
4. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
5. Джусупов Н. Тюркский символ в художественном тексте (лингвокогнитивный аспект). – Астана: Сарыарка, 2011. – 218 с.
6. Мұсалы Ж. Символ-бернелеу және оның көркемдік қызметі. – Алматы: Ан Арыс, 2015. – 160 б.
7. Aimukhambet, Z.A., Zhumagazina, A., Dalelbekkyzy, A., Aituganova, S.Sh., Seiputanova, A.K. Mythical symbolism in structure of meta-text // Astra Salvensis, 2021. – 199-210 P.
8. Ахметова А. Әдебиеттануда көркем концептінің зерттелу тарихы / ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2019 – №2 (68), 225-232. <https://sp.kaznu.kz/docs/jurnalfile/file20190807102421.pdf>
9. Лозинская Е. Когнитивное литературоведение: Авторы, методы, перспективы // Человек: Образ и сущность. Гуманитарные аспекты. – Москва: ИНИОН РАН. -2010. – 192-225 с.
10. Turner M. Reading minds: The study of English in the age of cognitive science. – Princeton: Princeton univ. press, 1991. – 298 p.
11. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-пресс, 2004. – 516 б.
12. Қартаева Т. Су культі. Анықтамалық. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 158 б.
13. Аймұхамбет Ж., Миразова М., Алимбаев А. Әпсаналардағы «қасиетті су» туралы мотивтердің поэтологиясы / Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы. – 2022 – № 3. – 113-123 б. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.11>
14. Аксенова Н.С. Интертекстуальность в сакрально-мистических художественных текстах как лингвистический феномен межкультурного диалога. – Москва: Изд-во МГОУ, 2013. – 154 с.
15. Барт Р. От произведения к тексту. – М.: Искусство, 2007. – 371 с.

Е.Б. Султан, С.Ш. Айтуганова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Роль мифических символов в формировании познавательного слоя художественного текста

Аннотация. В статье исследуются мифические символы, которые находят применение в художественном тексте, и рассматривается их роль в формировании познавательного слоя художественного текста. Известно, что художественный текст состоит из формальной и содержательной частей. Содержательная часть формирует определенные познавательные слои. Читатель не только насыщается информацией в процессе чтения художественного текста, но и привязывается к какому-то познавательному процессу. Таким образом, понимание художественного

текста как семиотической системы позволяет нам получить доступ к когнитивным проблемам, лежащим в основе текста. Особое место в формировании такого когнитивного слоя занимают семиотические признаки, в том числе символические. Поэтому в исследовательской работе будут исследованы мифические сознания, содержащиеся в художественном тексте, и мифологическая символика, продолжающимися с познанием автора. Приведены примеры из текстов реальной художественной литературы в соответствие с целью исследования.

Цель исследования – дифференциация роли мифических символов в формировании познавательного слоя художественного текста. Уровень народного мифического мышления и мифического сознания, сложившиеся на протяжении веков, пронизывает систему художественного мышления, речи писателей нации, дает отражение в художественных текстах. Именно поэтому акцентирование внимания на влиянии мифических символов, лежащих в основе художественного текста, когнитивного слоя на создание семиотической системы позволяет в полной мере понять текст, проанализировать, как он влияет на восприятие читателя. В исследовании используются методы семиотического, символического, концептуального, семантического анализа методами теоретического накопления, дифференциации, сравнения. Метод семиотического анализа для разрешения мифологических кодов, содержащихся в художественном тексте, дает много результатов. В результате исследования определяется значение мифических символов в формировании познавательного слоя художественного текста, определяется влияние мифической символики на содержательную часть художественного текста.

Ключевые слова: мифический символ, семиотика, когнитивный слой, теория художественного текста, символика, мифическое сознание.

E.B. Sultan, S.Sh. Aituganova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The role of mythical symbols in the formation of the cognitive layer of a literary text

Abstract. The article examines the mythical symbols that find application in the literary text and their role in the formation of the cognitive layer of the literary text. It is known that the literary text consists of form and content parts. The content of a literary text forms the basis of a number of cognitive layers. During the process of reading a literary text, the reader is not only immersed in information, but also connected to some cognitive process. Therefore, the understanding of a literary text as a semiotic system allows us to access the cognitive information behind the text. Semiotic symbols, including symbolic representations, play a special role in the formation of such a cognitive layer. Consequently, the focus of our research will focus on the phenomena of mythological symbolism, which are intertwined with the mythical consciousness found in the composition of the literary text and continue with the author's knowledge. Examples from real fiction texts were identified for the purpose of the study.

The purpose of the study is to differentiate the role of mythical symbols in the formation of the cognitive layer of a literary text. The level of folk mythical thinking and mythical consciousness, which has developed over the centuries, is included in the system of artistic thinking, speech of writers of the nation, and is reflected in literary texts. Thus, by focusing on the influence of mythical symbols on the structure of the semiotic system in the background, cognitive layer of a literary text allows us to fully understand the text, analyze how it affects the reader's perception. In the course of the study, methods of semiotic, symbolic, conceptual, and semantic analysis are used with methods of theoretical accumulation, differentiation, and comparison. The method of semiotic analysis is particularly effective in deciphering the mythological codes contained in a literary text. The study reveals the importance of mythical symbols in the formation of the cognitive layer of a literary text and the influence of mythical symbolism on the content part of a literary text.

Keywords. Mythical symbol, semiotics, cognitive layer, theory of literary text, symbolism, mythical consciousness.

References

1. Losev A. Problema simvola i realisticheskoe iskusstvo [The symbol problem and realistic art] (Iskusstvo, Moscow, 1976, 367 p.) [in Russian]
2. Kaskabasov S. Zhanazyk [Zhanazyk] (Audarma, Astana, 2002, 584 p.). [in Kazakh]
3. Zhumaliev K. Kazak adebieti tarihyryn maseleleri zhane Abai poeziyasynyn tili [Problems of the history of Kazakh literature and the language of Abai's poetry.] (Kazakh state publishing house of fiction, Almaty, 1960, 363 p.). [in Kazakh]
4. Baitursynuly A. Adebiet tanytkysh. Zertteuler men olender [Literature guide. Research and poems] (Atamura, Almaty, 2003, 208 p.). [in Kazakh]
5. Dzhusupov N. Tyurkskiy simvol v hudozhestvennom tekste (lingvokognitivnyj aspekt) [The Turkic symbol in a literary text (linguistic and cognitive aspect).] (Saryarka, Astana, 2011, 218 p.). [in Russian]
6. Musaly ZH. Simvol-berneleu zhane onyn korkemdik kyzmeti [Symbol-representation and its artistic function] (An Arys, Almaty, 2015, 160 p.). [in Kazakh]
7. Aimukhambet, Z.A., Zhumagazina, A., Dalelbekkyzy, A., Aituganova, S.Sh., Seiputanova, A.K. Mythical symbolism in structure of meta-text, *Astra Salvensis*, 2021. – 199-210 p.
8. Ahmetova A. Adebiettanuda korkem konceptinin zerttelu tarihy [The history of the study of the artistic concept in literary studies], *KazUPU Habarshysy. Filologiya seriyasy* [Bulletin of KazNPU. Philology series. №2 (68), 225-232 (2019)]. [in Kazakh]
9. Lozinskaya E. Kognitivnoe literaturovedenie: Avtory, metody, perspektivy [Cognitive Literary Studies: Authors, methods, perspectives], *Chelovek: Obraz i sushchnost'. Gumanitarnye aspekty* [Man: Image and essence. Humanitarian aspects, 2010. – 192-225 p. [in Russian]
10. Turner M. Reading minds: The study of English in the age of cognitive science. – Princeton: Princeton univ. press, 1991, 298 p.
11. Kondybai S. Argykazak mifologiyasy [Ancient Kazakh mythology] (Daik-press, Almaty, 2004, 516 p.). [in Kazakh]
12. Kartaeva T. Su kul'ti. Anyktamalyk [Cult of water. Reference] (Kazakh university, Almaty, 2018, 158 p.). [in Kazakh]
13. Aimuhambet Zh., Mirazova M., Alimbaev A. Apsanalardagy «kasietti su» turaly motivterdin poetologiyasy [Poetology of motives about "holy water" in the sisters], *Euraziya gumanitarlyk instituty Habarshysy* [Bulletin of the Eurasian humanitarian Institute, №3, 113-123 (2022)]. [in Kazakh]
14. Aksenova N.S. Intertekstual'nost' v sakral'no-misticheskikh hudozhestvennykh tekstah kak lingvisticheskij fenomen mezhkul'turnogo dialoga [Intertextuality in Sacred and mystical artistic texts as a linguistic phenomenon of intercultural dialogue] (Moscow State University Publishing House, Moscow, 2013, 154 p.). [in Russian]
15. Bart R. Ot proizvedeniya k tekstu [From the work to the text] (Iskusstvo, Moscow, 2007, 371 p.). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Сұлтан Е.Б. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Айтуғанова С.Ш. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сұлтан Е.Б. – PhD докторант, Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Айтуғанова С.Ш. – кандидат филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Sultan E.B. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Aituganova S.Sh. – Candidate of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).